

ГЕОМЕТРИЯ

Нұсқау: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.

1. Үшбұрыштың қабырғалары 3:4:5 қатынасындай және периметрі 36 см.

Осы үшбұрыштың ауданын табыңыз

A) 48 см^2


B) 54 см^2

C) 72 см^2

D) 36 см^2

E) 12 см^2

2. Суреттегі m және n түзулері өзара параллель болса, сұрақ белгісінің орнына сәйкес бұрышты анықтаңыз.



A) 117°

B) 63°

C) 127°

D) 83°

E) 137°

3. $\vec{a}(1;2;5)$ және $\vec{b}(1;0;2)$ векторларының скаляр көбейтіндісі

A) 14


B) 11

C) 12


D) 10

E) 13

4. Суретте $\angle MNK = \angle PKN$, $\angle PNK = \angle MKN$. NPK бұрышына сыбайлас $\angle 1$ шамасын табыңыз.




- A) 53°
 B) 37°
 C) 47°
 D) 27°
 E) 35°
5. AE параллелограмның биссектрисасы, ал ED биіктігі. $AB = 11\text{ см}$,
 $EC = 5\text{ см}$, $ED = 10\text{ см}$ болса, онда параллелограмның ауданын табыңыз



- A) 136 см^2
 B) 160 см^2
 C) 120 см^2
 D) 150 см^2
 E) 148 см^2

6. Суреттегі мәлімет бойынша CD-ны табыңыз.



- A) 2
 B) 5
 C) 6
 D) 3
 E) 4
7. $\vec{a}(-7; 5)$ және $\vec{b}(3; t)$ векторлары t -ның қандай мәнінде перпендикуляр болатынын табыңыз.
 A) 4,5
 B) $4\frac{1}{3}$
 C) $4\frac{1}{5}$
 D) 5,4
 E) $5\frac{1}{4}$
8. Үшбұрыштың қабырғалары 4; 13 және 15-ке тең. Осы үшбұрыштың кіші биіктігін табыңыз.
 A) 3,5
 B) 4
 C) 3,2
 D) $\frac{48}{13}$
 E) 3
9. Дұрыс көпбұрыштың бір ішкі бұрышы 140° болса, онда осы көпбұрыштың қабырғалар санын анықтаңыз
 A) 9
 B) 12
 C) 10
 D) 8
 E) 7

10. $A(4;2)$ және $B(3;5)$ нүктелері берілген. \overrightarrow{AB} векторының ұзындығын табыңыз.

A) $\sqrt{10}$

B) 3

C) 5

D) $3\sqrt{2}$

E) $2\sqrt{5}$

Нұсқау: Сізге контекст негізінде бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.

Глобус



Бұл глобус орта Азиядағы ең ірі глобустардың бірі. Радиусы 1,05 м-ге тең.

11. Глобустың диаметрін табыңыз.

- A) 6,28 м
- B) 4,26 см
- C) 5,52 м
- D) 2,1 м
- E) 4,2 м

12. Экватор сызығының ұзындығын табыңыз ($\pi = 3,14$).

- A) 6,594 м
- B) 5,528 м
- C) 4,478 м
- D) 2,987 м
- E) 4,266 см

13. Бетінің ауданын табыңыз.

A) $4,41\pi \text{ м}^2$

B) $5,23\pi \text{ м}^2$

C) $4,47\pi \text{ м}^2$

D) $5,21\pi \text{ м}^2$

E) $4,61\pi \text{ м}^2$

14. Глобустың көлемін табыңыз.

A) $1,5435\pi \text{ м}^3$

B) $0,5736\pi \text{ м}^3$

C) $1,5736\pi \text{ м}^3$

D) $1,5753\pi \text{ м}^3$

E) $0,5453\pi \text{ м}^3$

15. Егер баспаханалар глобустың картасын 1 м^2 -ын 1000 теңгеден жасаған болса, онда глобустың картасын жасату үшін қанша ақша кеткенін анықтаңыз ($\pi \approx 3,14$)

A) 13847,4 тг

B) 13748,4 тг

C) 13784,4 тг

D) 13487 тг

E) 13478 тг

Нұсқау: Сізге толық жауапты қажет ететін ашық тест тапсырмалары беріледі.

16. $A(2;-1;3)$, $B(-1;3;4)$, $C(0;-5;1)$ және $D(3;2;-1)$ нүктелері берілген.

Табыңыз:

(a) $\overrightarrow{AD} + \overrightarrow{BC}$

(b) $2\overrightarrow{CB} + 3\overrightarrow{DA}$

(c) $2(\overrightarrow{BA} + \overrightarrow{DC})$

17. Жазықтықтыңтан 8 см қашықтықтағы В нүктесінен осы жазықтықпен 30° және 45° бұрыш жасайтын екі көлбеу жүргізілген. Бұл көлбеулер өзара перпендикуляр.

(a) сызбасын салыңыз

(b) жазықтықпен 30° бұрыш жасайтын көлбеудің жазықтықтағы проекциясының ұзындығын табыңыз

(c) В нүктесінен көлбеулердің табандары арқылы өтетін түзуге дейінгі арақашықтықты табыңыз

18. Суретте жасаушысы 10 см, ал радиусы 6 см-ге тең конус берілген.

(a) Конустың биіктігін табыңыз

(b) Қиманың ауданын табыңыз

ГЕОМЕТРИЯ

пәнінен сынақ аяқталды.